

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУҒА ҚАРСЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САЯСИ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Жайықбай Ш.Б

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м.,аға оқытушы Г.Т Каненова
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
Электрондық адресі: arkgpi@mail.ru

«Біз ядролық қарудан бас тартудың тиімді моделін қалыптастырдық. Біз бұл үлгіні әлемнің барлық елдеріне қолдануды ұсынамыз. Әлемдік қоғамдастық Қазақстан қоғамының осы жеті негізін ядролық қарусыз әлемге көшу үшін қолданады деп сенемін»

Нұрсұлтан Назарбаев.

75 жыл бұрын, 1945 жылы 24 қазанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы күшіне енді. Осы оқиғаның бір жылдығына орай 1947 жылы 31 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясында БҰҰ күні белгіленді. Бұл мереке 1948 жылдан бастап жыл сайын 24 қазанда атап өтіледі. XX ғасыр тарихында БҰҰ құрылуы фашизм мен милитаризмді жеңу нәтижесінде халықаралық қатынастардың ең жоғары жетістігі болды. Оның басты мақсаттары: бостандық, теңдік, бейбітшілік және ғаламшардағы барлық адамдар үшін игілік еді. Бұл халықаралық үкіметаралық ұйым БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер өздерінің аумақтық көлеміне, экономикалық дамуына және саяси жүйелеріне қарамастан, көптеген мәселелер бойынша өз көзқарастарын білдіруге, сондай-ақ халықаралық қақтығыстарды, дауларды немесе проблемаларды шешуге қатысуға құқылы танылған платформа ретінде қызмет етеді. БҰҰ - бұл шын мәнінде әмбебап қол жетімділік пен мүшелікке ие және күн тәртібі көлемді жалғыз халықаралық институт.

Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы – еліміздің әлемдік қауымдастыққа шын мәніндегі тәуелсіз мемлекет ретінде кіргенін көрсететін маңызды тарихи оқиға. Қазақстан Біріккен Ұлттар ұйымына әлемдік қоғамдастықтың қарапайым жаңа мүшесі ретінде емес, маңызды халықаралық проблемаларды шешуге белсенді берілген ядролық қарусыздану қозғалысының алдыңғы қатарында тұратын мемлекет ретінде кірді. 1991 жылы Семей ядролық полигонының жабылуы және 1992 жылғы Лиссабон хаттамасына қосылу Қазақстанға үлкен бедел әкелді және Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының жоғары трибунасынан халықаралық қауіпсіздік саласындағы өз бастамаларын жариялауға моральдық құқықты қамтамасыз етті [1.45 б].

Қазақстандық делегацияның тәуелсіз мемлекет ретіндегі алғашқы халықаралық форумы 1992 жылы өткен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47 сессиясы болды. Аталған сессияда Қазақстанның халықаралық саясаты аясында мемлекетіміздің бірінші президенті Н.Ә.Назарбаев сөз сөйледі. Өз сөзінде ол кеңеске Азиядағы ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі үндеуді ұсынды және Қазақстанның экологиялық зардап шеккен өңірлері туралы баяндама жасады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстан өкіметінің қарусыздандыру облысындағы белсенді рөлі мен бұл саладағы барлық халықаралық келісімдерге жолын ұстаушылықты өте жоғары бағалыды.

Біздің еліміз Орталық Азиядағы бейбіт сақтау мен қауіпсіздік саласына өте үлкен маңыз беріп, бұл аймақта ядролық қарудан бос зонаны құруға атсалысады. Біріккен Ұлттар Ұйымы осы бастаманы асыруға Қазақстанға барынша көмек көрсетуде.

Халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды нығайтуға үлкен міндеттеменің арқасында Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік орнату жөніндегі қызметіне белсенді қатысады. 1995 жылы ТМД елдерінің бастамасымен Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстан тарапынан Орталық Азияда бейбітшілік орнату батальонына бір топ сарбаз жіберілді. 1996 жылы Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті сақтау

жөніндегі операциялары үшін қажетті резервтік келісімдер жүйесіне қосылған 51-ші мемлекет болды. Қазіргі уақытта бұл жүйеге қатысушы елдердің саны 70-ке жуық.

Орталық Азия аймағына және жалпы әлемдік қауымдастыққа қауіп төндіретін Ауғанстандағы тұрақсыздықты Қазақстан әрқашанда бейбіт жолмен шешуге тырысып, Біріккен Ұлттар Ұйымының тиісті резолюция-ларын қабылдау үшін тиянақты ұсыныстарды жасайды.

Біздің еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ұстанымы Біріккен Ұлттар Ұйымы қарайтын барлық мәселелерге қатысты Қазақстанның мүдделерінен құралады. Мұнда Біріккен Ұлттар Ұйымымен экономика, экология, әлеуметтік саланың прогрессивті дамуы, халықаралық құқық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы ынтымақтастыққа ерекше назар аударылады, оны нығайтуға шаралар қабылданады және жаңа ұсыныстар ұсынылады [2.35 б]

Біріккен Ұлттар Ұйымының 53 сессиясында Қазақстан Орталық Азиядағы транзит бойынша қарар қабылдауға бастамашы болды. Осы қарардың қабылдануы Біріккен Ұлттар Ұйымының арнаулы мекемелері мен басқа да халықаралық ұйымдар тарапынан біздің өңірде көлік жүйелерін дамыту бағдарламаларын және Еуропа мен Азия арасындағы көлік байланысын әзірлеу мен іске асыру үшін халықаралық-құқықтық негізді бекітеді. Қарардың шарттары Қазақстан билігі, оның министрліктері мен халықаралық ұйымдары және басқа тараптар арасында келісімдер жасасу кезінде пайдаланылады, барлық актілер оларға сәйкес жасалады.

Халықаралық және қазақстандық сарапшыларының бірлескен жұмысының нәтижесі – Бас Хатшының Семей полигонындағы жағдайы туралы Баяндамаға материалдарды дайындау; төрт негізгі облыстарда: денсаулық сақтауда, экономикада, экологияда, ақпараттықта жобалық ұсыныстарды дайындау болды. Бұл баяндама 53-сессияда жан-жақты қарастырылды.

1997 жылдың 16 желтоқсанында Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының Семей полигоны жөнінде қабылданған резолюцияға сәйкес Қазақстан өкіметі мекемеаралық комиссия құрған.

Мұндағы ең маңызды мақсат – Семей полигонындағы өткізілген ядролық сынақтардың нәтижелерін жою. Осыған орай, Біріккен Ұлттар Ұйымының сарапшылары ұлттық және халықаралық күштердің қолданылудың бес басымдық секторларын анықтаған, олар:

1. денсаулық сақтау
2. экология мен қоршаған орта
3. экономиканы қалпына келтіру
4. гуманитарлық көмек
5. ақпараттың таратылуы

Бұл басымдықта секторлардағы жұмыстарды іске асыру 50 млн. доллар айналасындағы қаржы-қаражатты қажет еткен болатын. Қазіргі уақытта Қазақстан құрылымдары мұндай жұмыстарды қаржыландыра алмайтындықтан, олардың орындалуы халықаралық ұйымдардың көмегімен тікелей байланысты болды. Осыған байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы бірнеше қарар қабылдады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының қалыпты дамытудың кең спектрін қарастырудыдағы терең еліктіруі – жоғарғы деңгейдегі әлемдік конференциялардың өткізілуінде айқын көрінді.

1. 1993 ж. Венадағы адам құқықтары жөніндегі конференция
2. 1994 ж. Каирдегі халықтың қоныстануы мен дамытуы жөніндегі конференция
3. 1995 ж. Копенгагендегі әлеуметтік дамыту жөніндегі конференция
4. 1996 ж. Стамбулдағы тұрақты мекендер жөнінде, және т. б.

Қазақстан аталған форумдарда алғашқы күйдегі құжат жобаларына ұсыныстарды ғана жасамай, сонымен қатар оларды ұлттық деңгейде асыруға белсенді ат салысты.

Біздің еліміздің Конституциясы барлық Қазақстан халықтарының теңдігін көздейді; адамның нәсіліне, жынысына, тіліне, діни сеніміне, саяси көзқарастарына және басқа уағыздауларына қарамай негізгі құқықтар мен еркіндіктердің жариялануы толығымен

Венадағы Декларацияға және Адам құқықтары облысындағы әрекеттер Платформасына сәйкес. Қазақстан Республикасының Президенті жанында Адам құқықтары жөніндегі Комиссияның құрылғаны - Біріккен Ұлттар Ұйымында адам құқықтарын қорғау облысында халықаралық құжаттардың іске асырылуына бағытталған нақты қадам ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымында өте жоғары бағаланды [3, 25 б.].

Жанұяның, әйелдердің, балалардың әлеуметтік қорғанылуы – мемлекеттік саясатының ең приоритетті бағыттарының бірі. Біздің еліміз қатысқан халықаралық әмбебап келісімдерінің бірі – Бала құқықтары туралы Конвенция болып табылады. 1994 жылы аталған Конвенцияның Қазақстан Республикасының Парламентімен жариялануы Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қорымен (ЮНИСЕФ) ынтымақтастықты кеңейтуге мүмкіндік берген.

Біріккен Ұлттар Ұйымы қызметінің басымдықтарының бірі халықаралық құқықтың нормалары мен қағидаттарын бекіту, олардың прогрессивті дамуы мен кодификациясы болып табылады.

Егер Біріккен Ұлттар Ұйымында алғашқы жылдары жұмыс істеген қазақстандық делегация халықаралық құқықтың прогрессивті дамуы мен кодификациялану процесін жалпы бақылаумен шектелсе, онда ұлттық құқықтық базаның дамуымен және құқықтық практиканың нығаюымен – осы шеңбердегі елдің мүмкіндіктері артты. Енді қазақстандық делегация сараптамалық нысанда Болашақ конвенциялар мен қарарлар баптарының жобалары бойынша пікірталастарға қатысады, Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық құқық, халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссияларының отырыстарына жиі қатысады.

Осы жылдар ішінде біздің еліміз қарусыздану, сауда және көлік, экология, терроризмге қарсы күрес, гуманитарлық дипломатиялық құқық жөніндегі келісімдердің қатысушысы болып қала берді. Осы жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы депозитарий ретінде сөз сөйледі.

Соңғы жылдары Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымының арасындағы ғарыштық кеңістікті игеру саласындағы ынтымақтастықты ерекше атап өтуге тиіспіз. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 49-сессиясында Қазақстан Ғарыш Кеңістігін Бейбіт Мақсатта Пайдалану жөніндегі Комитетіне (КОПУОС) төраға ретінде сайланған. Бұл Қазақстанның ғарыштық саласын игеру үлесінің әлемдік қауымдастығымен мойындалуын көрсетеді. Сонымен қатар, біздің еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа да арнайы комитеттеріне, ұйымдарына, қорлары мен комиссияларына, агенттіктер мен басқармаларға тұрақты мүше ретінде кіріп, барлық мәселелерді шешуде белсенділік танытып, жоғарғы беделдікке ие болуда [4].

2022 жылғы 2 наурызда Қазақстан Республикасының БҰҰ-дағы мүше-лігіне 30 жыл толып отыр. Ширек ғасыр көлемінде біздің еліміз БҰҰ Жарғысының мақсаттары мен міндеттеріне, халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарына толық бейілділігін көрсетіп, басқа мемлекеттер арасында үлкен беделдікке ие болды.

Адамзат баласына орны толмас қайғы мен қасірет әкелген зұлмат қару ең алғаш рет 1945 жылдың 16 шілдесінде Американың Нью-Мексика штатындағы Аламогордо қаласына тақау жерде сыналғаны тарихта таңбаланған. Сол уақыттан бастап 1996 жылы Ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартқа қол қойылғанға дейін Жер бетінде 2 мыңнан астам ядролық сынақ жасалыпты. Нақты деректерге жүгінсек, АҚШ 1945-1992 жылдары аралығында 1 032, Кеңес одағы 1949-1990 жылдары 715 сынақ жасаған екен. Ал Кеңес одағында жасалған ядролық сынақтардың басым бөлігі Қазақ жерінде өткізілгені де белгілі.

Иә кеңес заманында Қазақстан одақтың ең ірі ядролық қару базасына айналды. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміздің аумағында әлемде қуаты жағынан төртінші орындағы ядролық арсенал орналасты. 40 жылдың ішінде республика аумағында 456 жерасты және жерүсті сынағы жасалды. Олардың жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған бомбаның қуатынан 2,5 есеге асып түседі. Айта кетерлігі, бүкіл әлемде жасалған барлық сынақтардың 24 пайызы Қазақстан аумағында болған.

Полигондар аймағы ұзақ жылдар бойы құпия сақталынды. Тек Семей полигоны ғана көпшіліктің назарында болып, қалған сынақ аймақтарынан жұрт беймелім болды.

Ол жерлер Семей, Азғыр, Нарын, Тойсойған, т.б. полигондары алып жатқан табиғи әсем, шұрайлы жайылымдар еді. Осы жерлер де 1949 – 1989 жылдар аралығында болған ядролық сынақтардың 27-сі атмосферада, 183 – і жер бетінде, қалғаны жер астында жасалды. Атом қаруы сол сияқты Ұлыбританияда, Қытай, Франция, Үндістан, және Пәкістанда сыналған. Сонымен қатар дүние жүзіне танымал ядролық сынақтың орталықтары Капустин Яр Ресей мен Лонбор Қытай, Қазақстанға шекаралас жақын жатқан аумақтарда бар. Ядролық қаруды сынау алғашында ғылым мен техниканы дамыту бағытында сипат алса, кейіннен атом бомбасы соғыс мақсатында қолданылды. Атом бомбасын алғаш рет АҚШ 1945 жылы Хиросима мен Нагасаки қалаларына тастады. Адамзат тарихындағы бұл қасіреттің ізі бүгінгі дейін жапондықтарды зардап шектіріп отыр. Ал Қазақстан жерінде сыналған 500 – ден астам атом бомбасының зардабы айтпаса да түсінікті. Қазақстанда ядролық қаруларды сынау кең көлемде жүргізілді. 1990 жылғы мәліметтер бойынша сынақ жасалған жерлердің көлемі облыстар бойынша 16686,1 мың га жерді қамтыған[5,56 б.].

Полигондардың ішіндегі Семей өңірі ең көп зардап шеккен аймақ. Мұнда атом қаруын сынаудың ғылыми орталығы орналасқан. Ол - Курчатова қаласы. Шығыс Қазақстан облысының Абай, Бесқарағай, Жаңасемей, Абыралы аудандарының аумақтары атом сынақтарының ордасы аталып, ең көп зардап шеккен экологиялық апатты аймаққа айналды. Қазақстан жерінде атом қаруларын сынау 40 жылға созылып, табиғи экожүйелер бүлдіріліп, жарамсыз етті. Жалпы полигондар көлемі 33,6 млн. гектарға жетті. Полигондарға пайданылған жерлердің ауа, сулары арқылы мыңдаған километр жерге тарайтыны белгілі. Қазірдің өзінде Қазақстанда 2,6 млн. адам мутагенез аурымен есепте тұр. Оның басым бөлігі Семей өңірінің тұрғындары. Сол сияқты қатерлі ісік, қан аурулары, сәулелік ауруымен ауырғандар санының көрсеткіші бұл аймақта республика бойынша жоғары. Полигондар аймағындағы жер ресурстары техногендік ластанудың әсерінен бүлініп жарамсызданған.

1991 жылы 20 тамызда елбасының бұйрығымен Қазақстан жерінде атом қаруын сынау біржола тоқтатылды. Бұл оқиғаны дүние жүзінің қауымдастығы қуана қарсы алды. Халықаралық деңгейдегі бұл шешім “Семей – Невада” қоғамдық қозғалысының жемісі болып табылды.

Ал 2009 жылдың 30 қазанында Қазақстан тарапы БҰҰ Бас Ассамблеясының Бірінші комитетіне 29 тамызды ядролық қарудан бас тартудың халықаралық күні деп жариялауды ұсынды. Ұсыныс қолдау тауып, содан бері 29 тамыз – Ядролық сынақтарға қарсы іс-қимылдың халықаралық күні ретінде атап өтіліп келеді. Бұл ұсыныстың әлемдік қоғамдастықтан қолдау табуы шын мәнінде еліміздің ядролық қаруды азайту, таратпау мәселесіне қатысты батыл бастамалар көтеруіне толық моральдық құқығы бар екенінің мойындалуын білдіреді әрі біздің әлемдік қауіпсіздікті сақтау бағытындағы қадамдарымыздың барша адамзаттың ізгі тілектерімен үндесетінін көрсетеді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің алғашқы президенті Н.Ә.Назарбаев әлем халықтарының алдында Қазақстанның ядролық қаруға қарсы екенін дүркін-дүркін мәлімдеп келген.. Н.Назарбаев «Қазақстанның сыртқы саясаты өзгермейді, ядролық қаруға жол жоқ» - деген болатын.

Сол уақыттарда Нұрсұлтан Назарбаев бірқатар мұсылман мемлекетінің ядролық қаруды сақтап қалу ұсыныстарынан бас тартты. Жас мемлекетіміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ядролық қарудан айырылмау қажеттігін табандап тұрып жақтаған ел ішіндегі күштерге де тойтарыс берді. Осылайша, Қазақстанның Тұңғыш Президенті шынайы мемлекеттік даналықты әрі өз ісіне мығымдылықты танытты. Семей полигонын жауып, әрі әлемдегі қуаты жағынан төртінші орындағы ядролық қару арсеналынан бас тартқан Қазақстанның ауқымды әлемдік бастамаларды ілгерілетуге толықтай моральдық құқығы бар. Қазақстан бұл бағыттағы белсенді саясатын Ядролық қауіпсіздік жөніндегі барлық жаһандық саммиттерде жалғастырып келеді. Аталған халықаралық іс-шараларға Нұрсұлтан Назарбаев

ядролық қарусыздану ісіне айрықша үлес қосқан құрметті қонақ ретінде қатысып, әр уақытта да жиын күн тәртібін тың бастамаларымен байытып келе жатыр.

Ядролық қаруға қарсы іс-шаралар өткізу арқылы да Тәуелсіз Қазақстан өзінің сыртқы саяси бағытын әлемдік аренада анық көрсетіп, бейбіт, салауатты өмір сүру саясатын ұстанатынын танытты. Еліміздің ядролық қарудан азат болу мақсатында жасаған маңызды қадамы барша адамзаттың, оның ішінде халқымыздың арман-тілегімен үндестік тапты. Жарты ғасыр бойы ұдайы ядролық қару сынағынан көз ашпаған ұлтымыз ғасыр тажалынан аулақ болуды көксеп келген еді. Өз жерінде 456 ядролық және термоядролық заряд сыналған, оның зардабын жан-тәнімен тартқан халқымыздың тажал ошағынан құтылу тілегі қуанышқа орай іс жүзіне асып, берекеміз кірді, абыройымыз артты [6, 256 б].

Қорыта айтқанда, ядролық қару – бүкіл адамзатқа төнген қауіп. Соңғы деректерге қарағанда 9 мемлекетте 16 мың ядролық қару бар көрінеді. Бұл әлемнің ядролық қару құрсауында тұрғанын аңғартады. Қазақстанның осы қауіптің бетін қайтару жолындағы күресі еліміздің беделін өсіре бермек. Өйткені бейбітшілік, қауіпсіздік үшін жасалған әрбір қадам өрісімізді кеңейтеді, өркенді ел болуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиттер:

1. Сабыров С. Қазақстан тарихы тарихи оқиғаларды ұлттық мүдде тұрғысынан бағалау.- Алматы, Арыс, -2004
2. Назарбаев Н.Ә Қазақстан жолы. Алматы, 2006.
3. Салғараұлы Қ. Елдік негіздері. Астана, -2007, 256.
4. Қазақстан республикасының Шығыс Азия елдерімен дипломатиялық қатынастары.- Дүйсебаев О.
5. Қозыбаев М. «Өркениет және ұлт» Алматы. Сөздік-словарь. 2001ж.
6. Мусин Ч. Қазақстан тарихы, Алматы-Норма-К баспасы.

XX Ғ. 90 ЖЖ. – XXI Ғ. ГЕРМАНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Жумагулова А.М.

Ғылыми жетекшісі: PhD доктор, қауымдастырылған профессор (доцент)

Кенжеғали Ж. М.

aruzhanka.zhumagulova@gmail.com

Қарағанды қ.

Германия әлемдік саяси және экономикалық аренадағы басты және маңызды ойыншылардың бірі болып табылады. Германия Федеративтік Республикасы - Солтүстік пен Оңтүстік, Батыс пен Шығыс арасындағы байланыс болып қана қоймай, Еуропалық Одақтың локомотиві және шет мемлекеттердің негізгі еуропалық серіктесі. Бұл ел саясат, экономика саласында әлемдік көшбасшылық үшін табысты күрес жүргізіп, халықаралық қатынастар жүйесінде дәрежесі біршама артып, беделі өсті. Қазіргі таңда Германия, барлық Еуропа мемлекеттері секілді сыртқы саяси және қауіпсіздік саясатында үлкен қауіп-қатерге ұшырады. Жаппай қырып-жою қаруының кеңінен таралуы, әлемдік терроризмнің кең таралуы бүкіл әлем халқы үшін үлкен қауіп төндіруде. Бүгінгі жаһандану процессінің қарқынды дамуы әлем үшін жаңа көкжиектер ашуда, алайда бұл процесс тек қана оң нәтиже беріп қоймайды, сондай-ақ оның сол әсері бар екенін ұғыну керекпіз. Германия өзінің күшті интеграциясымен әлемдік аренада жеңіске жеткенімен, ол террористер мен ұйымдық топтар үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын жаһандық процестерден қатты зардап шегеді.

ГФР-ның қазіргі кезеңдегі сыртқы саяси бағыты 80-ші жылдардың ортасы мен 90-шы жылдардың басында болған әлемдік арена мен Германияның өзінде болған жаһандық өзгерістерге байланысты бірқатар факторлармен анықталады. Олардың ішіндегі ең